

"Азаматтық қорғау саласындағы бірінші кезектегі шаралардың 2023 – 2027 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 15 маусымдағы № 478 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 24 сәуірдегі № 322 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Азаматтық қорғау саласындағы бірінші кезектегі шаралардың 2023 – 2027 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 15 маусымдағы № 478 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Азаматтық қорғау саласындағы бірінші кезектегі шаралардың 2023 – 2027 жылдарға арналған кешенді жоспарында:

кестеде:

"Күтілетін нәтижелер:" деген бөлімде:

4) және 5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"4) авиациялық техникамен қамту аймағын 38,8 %-дан 50,6 %-ға дейін ұлғайту (33-тен 43 бірлікке дейін);

"5) көлік құралдарының санын 66,8 %-дан 85,4 %-ға дейін (3345-тен 4278 бірлікке дейін) ұлғайту;"

"Материалдық-техникалық жарақтандыру" деген бөлімде:

реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі жұмыстарды орындау үшін, оның ішінде қаржы лизингі тетігін пайдалана отырып, көлік құралдарын, теңіз кемелерін	2023 жыл	9 714 120
	2024 жыл	37 854 371
	2025 жыл	23 033 154
	2026 жыл	30 007 192
		19 241 194

1	және арнайы инженерлік техниканы сатып алу	қабылдау-беру актісі	2027 жыл	ТЖМ, ҰЭМ	РБ
---	--	----------------------	----------	----------	----

".

реттік нөмірі 4-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

4	Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың жою жөніндегі жұмыстарды орындау үшін, оның ішінде қаржы лизингі тетігін пайдалана отырып, авиациялық техниканы сатып алу	қабылдау-беру актісі	2024 жыл	ТЖМ, ӨҚМ, ҰЭМ	110 881 076	РБ
			2025 жыл		19 361 552	
			2026 жыл		11 954 081	
			2027 жыл		57 999 380	

".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов